

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ



**«БІЛІМДІ БАҒАЛАУДЫҢ
ҚҰЗЫРЕТТІ-БАҒДАРЛЫ ЖҮЙЕСІ»
44-ші ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

17-18 қаңтар 2014 жыл

3-кітап

**МАТЕРИАЛЫ
44-ой научно-методической конференции
«КОМПЕТЕНТНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННАЯ
СИСТЕМА ОЦЕНКИ ЗНАНИЙ»**

17-18 января 2014 года

Книга 3



Осман құжаттарының сақталуы ұзақ жылдар бойы ұрпақтан ұрпаққа жетіп келді. Арнайы жұмыстары өз заманына сай көптеген өзгерістерден өтіп түрлі жолдармен сақталып келді. Баспа басына келген сұлтандар, патшалардың барлығы архивке көңіл бөлмей қойған емес. Әрбіреуі өзінше жаңа ережелер жасап архивтік жұмыстардың жүргізілуін терең қадағалады.

Іс-қағаздар жұмысы тек Патша сарайында ғана жүргізілмей, аудандық бөлімшелерде де жалғасын тапқан. Аудан, аймаққа қатысты орталықтарда арнайы бөлімшелер құрылып соттық шешімдері, патшаның тарапынан жасалған бұйрықтар, халықтың арыздары және т.б. құжаттар іс қарастырылатын. Құжаттар арнайы дәптерлерге тігіліп патша сарайына қарайтын мекемелерде сақталатын.

Уақыт өте Түркия парламентінің отырыстарында архив құжаттарына қатысты арнайы ережелердің қабылдануы жөнінде сөз қозғалды. Сүлейман Демирел, Бүлент Ежвит және Түрхан Озал сияқты саясаткерлердің түрік архивіне қосқан үлестері аз емес. Әсіресе архив мәселесіне көңіл бөлген Түркия президенті Тұрғыт Озал. 1987 жылдан бастап мемлекет тарапынан арнайы көңіл ашылып түрлі тарихшылар мен ғалымдардан құралған зерттелу институты ашылады. Соған байланысты халыққа талай жылдар, ғасырлар теріп жиналған бай тарихи мұрағаттың өмірмен таныстыру үшін бағдарлама жасалады. Мұрағат жұмыстарының зерттелуі мен талқылануы үшін халықаралық симпозиумдар, конференциялар ұйымдастырылып, Түркия Республикасы Халықаралық Архив Ұйымына мүше болады.

Г.Е. Сапаева

ШЕТЕЛ ТЫҢДАУШЫЛАРЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫН ОҚЫТУДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Біздің елімізде қазақ тілі - мемлекеттік тіл. Соған орай шетел тыңдаушылары үшін егеменді еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілін оқыту өмірлік зор маңызға ие.

Шетел аудиториясындағы қазақ тілі сабағының білімдік дәрежесі бүтіндей басқа. Өйткені шетел тыңдаушыларына қазақ тілін оқытудың әдісі де, оған қойылатын талаптары да өзгеше. Мақсаты-өзге мемлекеттен келген тыңдаушыларды қазақша сөйлей білуге үйрету болады да, сол сөздерден сөйлем құрау үшін грамматикалық ережелер, анықтамалар сөз үйретудің тілдік ретінде қарастырылады.

Қазақ тілі сабағы әрі тартымды, әрі қызықты, әрі сапалы болуы әр пән мұғалімдерінің білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне байланысты. Оқу-тәрбиесі, негізі-сабақ. Сондықтан оқу тартымды, әсерлі, мақсатты, айқын, қызықты және толық мәнді болуы тиіс. Ол – білім азаматтарына қазақтың әдебиеті мен мәдениетін, ғылымын, өнерін насихаттайтын пән. Қазіргі таңда менгеру барысында ұлттық дүниетанымды кеңейтіп, халықтың аса құнды байлықтарын танып арқылы танымдық құзыреттілікті қалыптастыру іске асырылады.

Тіл үйрету барысында тыңдаушылардың дүниетанымын кеңейту – сол халықтың тарихы салт-санасы, мәдениеті, тарихы, әдебиетін үйреніп, зерттеп-білумен тікелей байланысты.

Оқытушы сабақты дұрыс жоспарлап, мақсатын нақты белгілеп алмайынша, нәтижесіз қалмайды. Сабақтың мазмұнын, құрылысын, дәлдігін, жұмыс жүргізу тәсілін мұқият ойлау қажет.

Сабақты жоспарлағанда оқыту, үйрету, тәрбиелеу, дамыту шарттарын ескеруіміз керек.

1. Оқыту, яғни білім беру мақсаты. Ғылыми-теориялық жағынан не айтуға тиісін, қандай мөлшерде, қалай қабылдату керек.

2. Үйрету. Білгенін тыңдаушы (шетел азаматы) практикада қолдана отырып, байланысты тапсырманы қиналмай орындауы керек.

3. Тәрбиелеу. Әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы шетел тыңдаушыларын көптеген қиындықтардан имандылыққа, шеберлікке, еңбекке, тапқырлыққа тәрбиелеу.

4. Дамыту тыңдаушының логикалық ойлауын қамтамасыз ету. Ой-арнасын дамытып, өмірге көзқарасын қалыптастыру. Бойындағы өнерін танып, бағыт-бағдар беру.

Ғылымға қызықтыру. Тыңдаушыға беретін тапсырмаларда дәлелдейтін, түсіндіретін, қызықты келісетін, келіспейтін, ұсыныс енгізетін, сын көзбен қарайтын, бір сөзбен айтқанда, білімді жақты ойландыратын жұмыстар болуы керек. Қазақ тілін оқытуда жақсы нәтижелерге жету үшін, мынадай басты бағыттарда жұмыс түрлерін жүргізген тиімді. Ең бастысы, тыңдаушының

қазақ тілінен тілдік қорын молайту. Ол үшін сөздік жұмыстарын үнемі жүргізу. Мәтін бойынша сөздік қорды байыту, әңгіме, өлең оқып, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау.

Әр сабақтарында жаңа сөздерді, сөз тіркесін үнемі сөздік дәптерлеріне жазуын, жатталып отырылуын қадағалап отыру қажет. Әр сабақта игерілген жаңа сөздер ауызша, жазбаша сөзде үнемі қолданылып отырғанда ғана сөздік жұмыстары нәтижелі болады. Сөздікпен жұмыс грамматикалық анықтамалар, жаттығу жұмыстарын, суретпен жұмыста, өлең, жұмбақ түсіндіргенде, сұрақтарға жауап бергенде де жүргізіліп отырады.

Қазақ тілі сабағында әдістерді тиімді пайдалану арқылы тыңдаушылардың білімге деген қызығушылықтарын арттыру, терең ойлау қабілетінің белсенділігін қалыптастыру, оқытудың жаңа технологиясы арқылы жүзеге асып келеді.

Ойын – тыңдаушы білімін берік меңгерту құралы. Әр сабақта ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету арқылы жас жеткіншектердің білімге ынта-ықыласы, пәнге деген сүйіспеншілігі арттады. Ойынды тыңдаушылар сабақта шаршаған кездерде сергіту мақсатында емес, оларға берілген ұғым, түсініктерді берік меңгеру мақсатында да жүргізіледі.

Қазақ тілі сабағында ойын түрлерінің қолдану тиімділігі:

- жаңа тақырыпты ойын арқылы меңгертуде не бір жақсы нәтижеге жетуге болады;
- сабақты жандандырып, шетел азаматтарын ынталандырады;
- шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін арттырады;
- өзіне деген сенімділік пайда болады;
- логикалық ойлау қабілеті дамиды.

Мақсаты: Сабақ үрдесінде ойын түрлерін қолдану барысында тыңдаушылардың бағдарламалық материалды жүйелі меңгеруіне ат салыса отырып, оқушылардың логикалық, шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін дамыта түсу

«Адасқан әріптер» ойыны.

Мақсаты: Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру.

Ойын шарты: Берілген әріптердің орнын ауыстыра отырып, сөз құрау.

Қ,у,о,ы,ш-оқушы

Т,п,і,к,а-.....

І,і,б,л,м-.....

М,м,ғ,ұ,а,л,і-.....

«Шашылған дыбыстар» ойыны.

Мақсаты: Шашылған дыбыстардан сөз құрастырып, баланың сөздік қорын молайту, шапшаң ойлауға тәрбиелеу.

Ойын шарты: шетелдіктерді бірнеше топтарға бөліп ойынды жарыс түрінде өткізуге болады.

Шашылған дыбыстардан бірнеше сөздер құрау, мысалы: а,л,к,л,й,ү,н дыбыстарынан мынадай сөздер құрауға болады: ай,күн,үй,т.б.

«Сын есімдер ұясы» ойыны.

Сын есім тақырыбын бастап, пысықтағанда қолдануға болады.

Мақсаты: Сын есімдерді білдіретін мағынасына қарай топтап жазуға дағдыландыру.

Ойын шарты: Тыңдаушыларды топқа бөліп орындарында отырып жұмыс істетуге болады.

Тақтаға сын есімдер тізбегі жазылады. Әр топқа кесте таратылады.

Заттың түсін білдіретін сын есімдер	Заттың көлемін сын есімдер	Заттың сапасын білдіретін сын есімдер	Заттың дәмін білдіретін сын есімдер	Заттың пішінін білдіретін сын есімдер

Тақтаға мынадай сын есімдер тізбегін жазуға болады: ақ , қысқа, таза, дәмді, тәтті, шұбар, өткір, үшкір, жуан, дөңгелек, жалпақ, тұщы, қалың, жұқа, т.б.

Әр тыңдаушының міндеті сын есімнің тізбегін кестеге сәйкес орналастыру.

«Бәйге» ойыны.

Мақсаты: Шапшаң ойлауға, жинақылыққа үйрету, тез, әрі дұрыс жауап бере білуге дағдыландыру.

Ойын шарты: Бұл ойынның әр қатардан бір-бірден шабандоз шығады. Ойын белгілі бір тақырыпты өткеннен кейін бекіту мақсатында жүргізуге болады. Оқытушы тақырыпқа сай

сұрақтарды айтады, шабандозшылар тез әрі дұрыс жауап беру қажет. Әрбір дұрыс жауап- бір қатам алға жылжу.

Мысалы: «Зымыран сұрақтар» тақырыбынан кейін мынандай сауалдар қоюға болады.

1. Қазақ алфавитінде неше әріп бар?
2. Дауысты дыбыстар қанша түрге бөлінеді?
3. Дауыссыз дыбыстар қанша түрге бөлінеді?
4. Қазақ тілінде неше жалғау бар?
5. Көптік жалғауларын атаңыз?
6. Жіктік жалғауға мысал келтір?
7. Тәуелдік жалғауларын атаңыз?
8. Қазақ тілінде неше септік бар?
9. Бір сөзді септеп шығыңыз?

Сонымен қатар, логикалық сауалдарды араластырып қоюға болады.

Қорытындылай келе, шетел аудиториясында қазақ тілін оқытатын оқытушылардың басты мақсаттарының бірі – шетел тыңдаушысының оқу, жазу, сабаққа белсенділігін арттыру, тыңдаушының пәнге қызықтыру, ынталандыра отырып, қазақ тілін шет тілі ретінде меңгерті. Осы мақсаттарға жету үшін сабақта интерактивті әдістерді жиі қолдануға тырысу қажет.

Ойын элементтері белгілі бір мақсатта, тілді меңгеруде деген ынтызарлықты оята отырып, орындаушылық қабілетке де жетектейді.

Ойын элементтердің мәні-ойын барысында дәріс алушының тілдік қатынас жасауға деген талабы. Қажетті сөздерді үйренсем, тауып айтсам деген ойлау қабілеттерін дамытады.

Сабақта ойын элементтерін қолдану шетел тыңдаушыларының белсенділігін арттырып, оларды ынталандырады, теориялық білімдерін практикада қолдануға үйретеді, іздендіреді. Сабақта орынды қолданылатын ойын элементтері тыңдаушының ынтасын арттырып, білім дағдыларын игеріп, іскерліктерін шыңдауға өз септігін тигізеді. Сабақ барысында орындалатын дидактикалық материалдар шетел тыңдаушысына ыңғайлы, түсінікті болса, мұғалімнің технологиясы нәтижелі болды. Қазақ тілі сабақтарында көздейтін мақсат тыңдаушыға жалаң сөз жақтау емес, әрбір сабақ үйренген сөздерді ауызекі сөйлеуде, сөйлем құрамын дұрыс қолдана білуге үйретеді. Тіл үйрету барысында әрбір сабақта ойын түрлерін пайдаланған үлгерімі төмен тыңдаушылардың өздері де ойын элементі араласқан сабаққа зор ынтасымен, жігерімен араласатыны байқалады.

С.С. Сулейменова

ФОРМИРОВАНИЕ ГРАММАТИЧЕСКИХ НАВЫКОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ У ИНОСТРАННЫХ СТУДЕНТОВ

Процесс обучения русскому как иностранному – сложная педагогическая деятельность, предполагающая реализацию двух методически разноплановых задач: передачи сведений о языке и формирования речевых навыков и умений. У учащихся при этом происходит усвоение способов выражения, смыслового содержания и связи между ними с целью пользования этим комплексом в нужных сферах общения и в нормальном темпе внутри системы языка для возникновения адекватного процесса коммуникации. [1.с.10]

Изучение языка и его использование неразрывно связаны друг с другом, т.е. формирование языковой и коммуникативной компетенций происходит одновременно. Под языковой компетенцией понимается "знание системы языка, её функционально – речевых разновидностей, знание правил образования, семантики, употребления и функционирования языковых единиц в речи, правил речеобразования"...[2.с.6] Языковая компетенция – необходимое условие владения языком, предпосылка, которая может оказаться «неиспользованным инструментом», если не сформирована коммуникативная компетенция.

По мнению многих методистов, прочные языковые знания являются необходимым условием реализации коммуникативной компетенции во всех видах речевой деятельности.

Грамматические навыки тоже являются неотъемлемыми компонентами речевой деятельности. Грамматический навык следует рассматривать как правильное и автоматизированное использование грамматических явлений в устной и письменной речи.

Методисты выделяют в продуктивных видах речевой деятельности речевые морфологические навыки, обеспечивающие правильное и автоматизированное формообразование